

Облыс әкімдігінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 3 және облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 452 "Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" қаулысы мен шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 4 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2014 жылғы 14 наурыздағы № 260 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 сәуірде № 4630 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орнамастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 3 және Қостанай облыстық мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 452 "Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" қаулысы мен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3792 тіркелген, 2012 жылғы 2 ақпанда "Костанайские новости" газетінде және 2012 жылғы 2 наурызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

әкімдіктің көрсетілген қаулысы мен мәслихат шешімінің қосымшасында:

бүкіл мәтін бойынша "селолық" деген сөз "ауылдық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі _____ Н. Садуақасов	Сессия	т ө р а й ы м ы
	_____ Т. Булгаевич	
	Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы _____ С. Ещанов	

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қостанай облысы бойынша

аумақтық жер инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Т. Төлеубаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК